

Костряков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 23 "Костряков селолық округінің Ивангород селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 5 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 маусымда № 4832 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 06.02.2015 № 2 шешімімен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орнамастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Костряков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Костряков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 23 "Костряков селолық округінің Ивангород селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-91 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы, Костряков селолық округі, Ивангород селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін; орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

К о с т р я к о в а у ы л д ы қ
С. Андренко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ